

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Шахтинск қаласы білім бөлімінің  
«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК  
Қамқоршылық кеңес отырысының  
№4 хаттамасы**

**Шахтинск қ.**

**29.12.2025ж.**

**16.30 сағат**

**Қатысты:**

Директор – К.Нугуманова  
ҚК Хатшысы – А.Н.Жолдасбекова  
ҚК төрайымы  
Б.А.Мейрамова  
ҚК мүшелері  
Г.Китебаева  
М.Т.Тукенова  
А.А.Калкенова  
Д.С.Жұмағұл  
Д.Ж.Хамитжанова

**Қатыспағандар:**

ҚК мүшесі – З.К.Хумар  
ҚК мүшесі – Ж.Ш.Коздембаев

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жинақталған жинақ қаражатынан кір жуатын бөлменің қасбетін жөндеу (сайдинг және гофрленген парақпен қаптау)
2. 2026 жылға арналған тауарларды сатып алуға өтінімдер жасау
3. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу іс-шаралары туралы
4. Бөбекжайда тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

**Тыңдалды:**

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карғаш Ахтаевна Нугуманова мен мемлекеттік сатып алу бойынша Гулден Сериковна Байдүсенова ҚК мүшелерін 2025-2026 оқу жылына арналаған жөндеу жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар ҚК мүшелеріне ағымдағы жылда жинақталған жинақ қаражаты есебінен кір жуатын бөлменің қасбетін жөндеу (сайдинг және гофрленген парақпен қаптау) жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

**1.Сөз сойледі**

**ҚК төрайымы Баян Адилқызы Мейрамова**

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне жөндеу жұмыстарын келіп көру ұсынылды.

**Тыңдалды:**

Екінші сұрақ бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова 2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілетінін және өтінімдер мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орналастырылатыны айтылды.

**Тыңдалды:**

Үшінші сұрақ бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК келе жатқан Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу іс – шаралар жоспары талқыланды. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналардан қаражат жинамау туралы талқыланды. Жоспарланған іс – шараларға ҚК мүшелерінің қатысуы ұсынылды.

**Тыңдалды:**

Төртінші сұрақ бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК медбикесі Зауре Серікқызы Баимурат сөз сөйлеп, ҚК мүшелерін ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, бөбекжайда тамақтануды ұйымдастыру тәртібімен таныстырды. Ата-аналар күнделікті мәзір мен азық-түлік бағасын өздерінің жеке кабинетінде және Индиго 24 жүйесінде бақылай алатыны айтылды.

**Қаулы етті:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова ҚК мүшелеріне бөбекжайды дамытуға бағытталған өз ұсыныстарын енгізуді ұсынды.
2. Бөбекжайдағы тамақтануды бақылауға жауапты адамдарды таңдауды ұсынды. Тоқсанына бір рет ас блогына барып тамақ таратуға қатысып, дәміне қарай тағамдарды көріп, он күндік мәзірмен танысуыда ұсынылды.

ҚК төрағасы  
ҚК хатшысы



Б.А.Мейрамова  
А.Н.Жолдасбекова

**ҚК мүшелері:**

Г.Китебаева




М.Т.Тукенова



А.А.Калкенова



Д.С.Жұмағұл



Д.Хамитжанова

